

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 25 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямыз. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау туралы.

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы Талғат Советбекұлы Донақовқа беріледі.

ДОНАҚОВ Т.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мемлекет басшысы сіздердің қарауларыңызға Назгүл Мәуілханқызы Рахметуллинаны және Аслан Сұлтанұлы Төкиевті Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау туралы ұсыным енгізді.

Ұсынылған азаматтардың жиырма жыл заңгерлік өтілі бар. Екі кандидаттың ішінде біреуі – облыстық соттың тәжірибелі судьясы, екіншісі – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Аппараты Басшысының орынбасары.

Үміткерлердің заң мамандығы бойынша терең білімі және мол тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болып жауапты жұмыс атқаруға дайын.

Құрметті депутаттар! Назгүл Рахметуллинаны және Аслан Төкиевті Жоғарғы Соттың судьясы қызметіне сайлау туралы ұсынымды қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талғат Советбекұлы, орныңызға отыруға болады.

Слово для информирования о заключении Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам предоставляется председателю комитета Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам пришел к заключению – рекомендовать Сенату Парламента избрать на должности судей Верховного Суда Республики Казахстан:

Рақметуллину Назгуль Маульхановну, 1978 года рождения. Имеет высшее юридическое образование, в 2000 году окончила Восточно-Казахстанский государственный университет по специальности «правоведение». Судейский стаж работы составляет более 15 лет;

Тукиева Аслана Султановича, 1979 года рождения. Образование высшее, в 2000 году окончил Карагандинский юридический институт Министерства внутренних дел Республики Казахстан по специальности «правоведение». Юридический стаж работы составляет более 20 лет.

Прошу поддержать представленные кандидатуры. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақ жоқ.

Құрметті әріптестер, талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешімдерді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Назгүл Мәуілханқызы Рахметуллинаны Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Аслан Сұлтанұлы Төкиевті Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беріңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті сенаторлар, Конституцияға сәйкес Жоғарғы Сот судьяларының антын қабылдау Сенаттың ерекше қарауына жатады. Сондықтан ант беру рәсіміне көшеміз.

Ант беру үшін Назгүл Мәуілханқызы Рахметуллина шақырылады.

РАХМЕТУЛЛИНА Н.М. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Назгүл Мәуілханқызы.

Ант беру үшін Аслан Сұлтанұлы Төкиев шақырылады.

ТӨКИЕВ А.С. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Аслан Сұлтанұлы.

Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайланған азаматтарды құттықтаймыз. Жауапты жұмыстарыңызға табыс тілейміз.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібіне енгізілген заң жобаларын қарауға көшейік. Заң жобалары бойынша баяндамашылар отырысқа бейнеконференция байланысы арқылы қатысып отыр.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң бірінші оқылымда қаралады.

Слово для доклада от имени инициаторов законопроекта предоставляется депутату Мажилиса Рау Альберту Павловичу.

РАУ А.П. Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты! Данный законопроект инициирован депутатами Мажилиса Парламента Республики Казахстан и разработан в целях законодательного обеспечения некоторых мер, предусмотренных в Комплексном плане Правительства по восстановлению экономического роста до конца 2020 года, принятом по поручению Президента.

Предлагаемые проектом закона нормы направлены на:

проведение налоговой амнистии физических лиц по списанию сумм пени налогов на имущество и транспорт;

освобождение от уплаты сбора за первичную регистрацию седельных тягачей;

перенос срока уплаты НДС для национального оператора инфраструктуры АО «Қазақстан темір жолы»;

увеличение предела автовозврата НДС с 70 до 80 процентов для предприятий горно-металлургического комплекса;

освобождение от НДС импорта запасных частей к самолетам, земельного налога для аэропортов;

освобождение от налогообложения доходов работников негосударственных СМИ.

Как я уже сказал, все меры проводятся в основном до конца текущего года, потерь из бюджета не будет.

Законопроектом предлагается установить лицензионный сбор за право занятия микрофинансовой деятельностью, а также включить в обязанности банков второго уровня и организаций, осуществляющих отдельные виды банковских операций, предоставлять в Министерство финансов сведения и документы в соответствии с правилами о снятии наличных единиц с банковских счетов.

Прошу поддержать данный законопроект.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Альберт Павлович.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Слово для содоклада предоставляется председателю Комитета по финансам и бюджету Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги и приглашенные! Рассматриваемый законопроект разработан во исполнение поручений Главы государства с целью исполнения мероприятий, направленных на повышение самодостаточности экономики, восстановление сервисной экономики и устойчивое развитие реального сектора, стимулирование деловой активности, обеспечение занятости и доходов населения.

Ситуация, связанная с пандемией коронавируса в мире, является основной причиной глобального кризиса, и сегодня многие страны предпринимают различные антикризисные меры по его преодолению.

Действенным инструментом для реализации антикризисных мер является изменение налоговой политики. В рамках законопроекта предлагается новый пакет налоговых стимулов для наиболее пострадавших секторов экономики и населения. Это предоставление отсрочки по налогам, в некоторых случаях освобождение или налоговая амнистия, предусмотрение мер поддержки определенным категориям бизнеса и населения.

Ожидаемые результаты законопроекта:

сохранение значительной части рабочих мест;

сохранение качества жизни и благосостояния граждан;

применение мер поддержки к национальному оператору инфраструктуры, отечественным автотранспортным предприятиям, средствам массовой информации, предприятиям горно-металлургического комплекса и гражданской авиации.

В данный непростой период государство поддерживает отечественный бизнес и население.

В рамках рассмотрения законопроекта проведены два заседания рабочей группы, заседание комитета и расширенное заседание комитета. Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по концепции законопроекта не имеют.

С учетом изложенного, руководствуясь пунктом 58 Регламента Сената Парламента Республики Казахстан, рекомендуем одобрить в первом чтении проект Закона «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс).

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Ольга Валентиновна.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Уважаемый Маулен Сагатханович, прошу Вас включить в повестку сегодняшнего заседания рассмотрение проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закона Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) во втором чтении.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті депутаттар, келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Слово для доклада от имени инициаторов законопроекта предоставляется депутату Мажилиса Симонову Сергею Анатольевичу.

СИМОНОВ С.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты! Данный законопроект разработан в целях исполнения пункта 36 Общенационального плана по реализации Послания Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева народу Казахстана от 10 января 2018 года, а также пункта 49 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Кемелевича Токаева от 2 сентября 2019 года.

В ходе рассмотрения данного проекта закона в Мажилисе Парламента депутатами по инициативе Правительства были внесены поправки, направленные на реализацию Комплексного плана по восстановлению экономического роста до конца 2020 года, разработанного Правительством во исполнение поручения Главы государства, а также по совершенствованию механизма всеобщего декларирования.

Принятие проекта закона не потребует дополнительных финансовых затрат из средств государственного бюджета. Прошу поддержать.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Бақтыбай Ақбердіұлы Шелпековке беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасының негізгі мақсаты валюталық ипотекалық қарыз алушылардың борыштық жүктемесін төмендету және болашақта валюталық тәуекелді алып тастау, сондай-ақ банктік емес қаржы ұйымдары мен төлем жүйелерінің қызметін реттеуді жетілдіру болып табылады.

Заң жобасы бірнеше түзету блоктарын қамтиды.

Бірінші, ипотекалық қарыздар мен салымдарды қорғау бойынша түзетулерге қатысты заңнамада банктерге жақсарту шарты ретінде біржақты тәртіппен қарыз валютасын теңгеге ауыстыруды қамтамасыз ету құқығын беру көзделген.

Сонымен қатар төлем қызметтері нарығын жетілдіру бойынша пайдаланушыларды сәйкестендіру, жасырын электрондық әмияндар арасында аударымдарға тыйым салу, операциялар мөлшеріне лимиттер, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін төлем сервистерінің мүмкіндіктерін кеңейту нормалары анықталған. Бұдан басқа микроқаржы қызметін, атап айтқанда, ломбардтарды лицензиялау мәселелері бойынша түзетулер енгізу көзделген.

Жалпы алғанда, заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен басқа да заңнамалық актілерге қайшы келмейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақтыбай Ақбердіұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Уважаемый Маулен Сагатханович, прошу Вас включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам ипотечных займов в иностранной валюте, совершенствования регулирования

субъектов рынка платежных услуг, всеобщего декларирования и восстановления экономического роста» во втором чтении.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз бастамашы топтың атынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Омархан Нұртайұлы Өксікбаевқа беріледі.

ӨКСІКБАЕВ О.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Парламенттің қос Палата депутаттарының бастамашылығымен енгізілді.

Заң жобасының негізгі мақсаттары:

нарықтық экономикадағы аудит қызметін мемлекеттік саясатты сақтайтын корпоративтік басқару тәсілдерін жетілдіре отырып енгізу және соны іске асыру үшін жұмыс тетіктерін жасау;

аудит мамандарын дайындау, сапасын арттырып және олардың кәсіби деңгейін көтеру;

аудиторлық қызметтер көрсету сапасын арттыру;

отандық аудит қызметінің бәсекелестік деңгейіне мүмкіндік туғызу;

аудиторлық қызмет саласына қатысушылардың функцияларын айқындау және олардың өзара іс-қимыл қағидаттарын белгілеу;

мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру және олардың өзара қарым-қатынас деңгейін арттыру көзделуде.

Құрметті әріптестер, заң жобасын іске асыру теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы бөлуді талап етпейді.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Омархан Нұртайұлы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ.

Слово для содоклада предоставляется члену Комитета по финансам и бюджету Плотникову Сергею Викторовичу.

ПЛОТНИКОВ С.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Целью проекта закона является дальнейшее совершенствование законодательства в сфере аудита, повышение качества путем установления прозрачных требований по проведению контроля качества и аттестации аудиторов.

Законопроектом вносятся изменения и дополнения в пять законов Республики Казахстан.

Основными новеллами законопроекта являются:

создание профессионального совета по аудиторской деятельности – некоммерческой организации, не имеющей членства и учрежденной профессиональной организацией.

создание комитета по контролю качества, который является одним из исполнительных органов профессионального совета.

В Закон Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» вносятся изменения и дополнения в части расширения полномочий Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета и ревизионных комиссий при осуществлении экспертно-аналитических мероприятий. Порядок организации и проведения экспертно-аналитического мероприятия определяется процедурным стандартом внешнего аудита и финансового контроля, утвержденным Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета.

Законопроект рассмотрен на заседании комитета и расширенном заседании комитета. От постоянных комитетов Сената предложений и замечаний не поступило.

На основании вышеизложенного Комитет по финансам и бюджету Сената Парламента рекомендует принять проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам аудиторской деятельности».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Викторович.

Заң жобасын талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы заң жобасы бойынша бейнеконференция байланысына қатысқан азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Келесі мәселе мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Анар Нұралықызы Жаилғановаға беріледі.

ЖАИЛҒАНОВА А.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасы Елбасының және Президенттің тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленген.

Заң жобасы бойынша келесі негізгі мәселелер қарастырылған:

- 1) «Дипломмен ауылға» жобасын мемлекеттік қызметшілерге қолдану;
- 2) «А» корпусының кадр резервін жасақтаудан бас тарту;
- 3) арнайы тексеруді жүргізу кезеңін мемлекеттік қызмет өтіліне қосу;
- 4) конкурстық рәсімдерді оңтайландыру;
- 5) агенттіктің қайта ұйымдастырылуына байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде әкімшілік хаттамалар жасау құзыретін қайта реттеу;
- 6) мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды айқындау;
- 7) жекелеген саяси лауазымдарға Президенттің шешімі бойынша біліктілік талаптарын белгілеу ұсынылады.

Сонымен қатар «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңда Ассамблея құрылымынан атқарушы органды алып тастау және «Қоғамдық келісім» өңірлік мекемелерін ішкі саясат немесе қоғамдық даму басқармаларының қарамағына беру ұсынылады.

Жалпы, заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке шығын әкелмейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Анар Нұралықызы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Нұрлан Құдиярұлы Бекназаровқа беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Елбасының және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленген.

Заң жобасы арқылы 1 кодекске және 5 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделуде.

Бұдан басқа заң жобасы құқықтық келіспеушілікті жоюға, басқа заңдарға сәйкестендіруге бағытталған түзетулерді қамтиды.

Заң жобасын қабылдау нәтижесінде мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру күтілуде және оны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Заң жобасының бастамашыларымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе тиісті жұмыс тобының отырыстары өткізілді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен және депутаттардан заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертпелер келіп түскен жоқ.

Құрметті депутаттар, осыған байланысты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания рассмотрение проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы» во втором чтении.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті депутаттар! Келесі мәселе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Олжас Абайұлы Бектеновке беріледі.

БЕКТЕНОВ О.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ұсынылып отырған заң жобасы сыбайлас жемқорлық көріністерін жүйелі түрде алдын алу бойынша қосымша шаралар енгізуге бағытталған.

Ең маңызды түзетулерге қысқаша тоқталып өтейін.

Бірінші. Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сыбайлас жемқорлық субъектілеріне олардың лауазымдық жағдайына байланысты кез келген құны бар сыйлықтарды сыйға тартуға тыйым салынған. Сондықтан Азаматтық кодекстің нормаларын аталған заңнама актілерімен үйлестіруді ұсынамыз.

Екінші. Сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты бұл ретте дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазым атқаратын квазимемлекеттік сектор қызметкерлерін мемлекеттік міндеттерді орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдардың тізбесіне енгізу бойынша түзетулер көзделген.

Үшінші. Квазимемлекеттік сектор ұйымдарында парасаттылықтың корпоративтік стандарттарын сақтауға жауапты сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер институты енгізілуде.

Төртінші. Мемлекет басшысының Жолдауында жарияланған тапсырмасын орындау үшін депутаттар құқық қорғау, арнайы мемлекеттік орган қызметкері мен әскери қызметкерді қылмыс жасауға арандатқаны үшін қылмыстық жауаптылықты белгілеуді ұсынды.

Қылмыстық кодекстің ұсынылған жаңа 412-1-бабы шеңберінде қылмыс жасауға арандату жағдайында үш жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жауапкершілік бекітілді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 680-бабы бойынша депутаттар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін жауапқа тартылатын субъектілердің қатарына қосатын түзетулер енгізді.

Бұл норма «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабын іске асыру мақсатында ұсынылды.

Осы бапқа сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу бойынша лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін жауапты болады.

Жұмыс тобының мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бөлімшелерінің жедел-тергеу қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерін белгілейтін маңызды түзету енгізді (заң жобасы шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жедел тергеу бөлімшелерінің қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдерін енгізу мәселесі Мемлекет басшысымен, Президент Әкімшілігімен, Үкіметпен келісілген. РБК-ның ағымдағы жылғы 4 ақпандағы оң шешімі бар (жедел-тергеу бөлімшелерінің 559 қызметкеріне жылына 817 миллион теңге бөлінді, оның ішінде олардың 1463 отбасы мүшесіне).

Тұрғын үй мәселесін шешу қызметкерлердің лайықты ынтасын қамтамасыз ету мақсатында ғана емес, сыбайлас жемқорлық қатерлерін болдыртпау үшін де стратегиялық маңызды болып табылады.

Заң жобасының нормалары қолданыстағы заңнамаға сәйкестікке келтірілді, комитеттер мен депутаттардың ескертулері және ұсыныстарын ескере отырып пысықталды, нақтылау және редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Қосымша баяндаманы тыңдауға көшейік.

Слово для содоклада предоставляется члену Комитету по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» разработан во исполнение поручения Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева, озвученного в Послании народу Казахстана 2 сентября 2019 года, в соответствии с Планом законопроектных работ Правительства Республики Казахстан на 2019 год.

Основной задачей законопроекта является введение дополнительных мер по системному предупреждению коррупционных проявлений. В частности:

устанавливается запрет на дарение государственным служащим подарков любой стоимости;

предлагается отнести к субъектам коррупции должностных лиц, занимающих не ниже руководителя самостоятельного структурного подразделения, а также лиц, занимающихся закупками в квазигосударственном секторе;

вводится запрет на принятие материального вознаграждения, подарков или услуг членами семей лиц, принимающих на себя антикоррупционные ограничения;

предусматривается ввести институт антикоррупционных комплаенс-служб, ответственных за соблюдение корпоративных стандартов добропорядочности в организациях квазигосударственного сектора;

предлагаются поправки, связанные с преобразованием Национального бюро по противодействию коррупции в Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции.

Вместе с тем законопроектом предлагается предусмотреть норму по уголовной ответственности за провокацию преступлений сотрудником правоохранительного, специального государственного органов и военнослужащим.

Кроме того, законопроектом предусматривается установление жилищных выплат сотрудникам оперативно-следственных подразделений антикоррупционной службы.

С учетом изложенного, руководствуясь пунктом 58 Регламента Сената, прошу поддержать проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции», одобренный Мажилисом Парламента, концептуально в первом чтении.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания рассмотрение проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» во втором чтении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті депутаттар! Келесі мәселе ауылдық елді мекендерде интернеттің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендерде Интернеттің қолжетімділігін қамтамасыз ету

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз бастамашы топтың атынан Мәжіліс депутаты Майра Арапқызы Айсинаға беріледі.

АЙСИНА М.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! Өздеріңізге мәлім, елімізде мемлекеттік қызметтердің 90 пайызын электронды түрде алуға, телемедицина, онлайн бизнес жүргізуге, қашықтықтан оқытуға, осының бәріне цифрлық технологиялардың арқасында қол жеткізуге мүмкіншілік бар. Бірақ жасыратыны жоқ, қазақстандықтардың интернетке қолжетімділігі бәрінде бірдей емес. Егер интернет желісіне кеңжақты қолжетімділік қызметімен 117 қала мен 3324 ауыл қамтылып отырса, 2 мыңдай ауылда мұндай мүмкіндік жоқ. Осыған байланысты Мәжіліс пен Сенат депутаттары аталмыш заң жобасына бастамашылық жасады.

Біріншіден, заң жобасында антенналық-мачталық құрылыстарды салуға жер учаскесін алу рәсімдерін оңайлату көзделеді. Нәтижесінде операторлардың өз құрылыстарын салуға жер учаскелерін 42 күннің ішінде алуына мүмкіндік беріледі.

Екіншіден, заң жобасы арқылы мобильдік байланыс желілерін салуға арналған орындар беруге жәрдемдесу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне толықтырулар енгізіледі. Сондай-ақ электрмен жабдықталған жер учаскелерін бөлуді көздейтін норма ауылдық елді мекендерді интернетпен қамту процесін тездетуге жол береді.

Үшіншіден, қолданыстағы заңнамаға енгізіліп отырған өзгерістер автомобиль жолдары жаңғыртылған жағдайда байланыс операторлары базалық станцияларын көшіруді, не болмаса демонтаждауды өз есебінен жасайтыны көзделеді. Ал жалпы алғанда, заң жобасын қабылдау арқылы осы жылдың аяғына дейін 880 ауыл және 2022 жылдың аяғына дейін тағы 885 ауыл, яғни қазақстандықтардың 97 пайызы интернетпен және ұялы байланыспен қамтамасыз етіледі.

Осы айтылғандардың негізінде аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Майра Арапқызы.
Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Слово для содоклада предоставляется члену Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству Бортнику Михаилу Михайловичу.

БОРТНИК М.М. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Основной целью рассматриваемого законопроекта является обеспечение устранения цифрового неравенства среди населения страны и обеспечение жителей сел технической возможностью для доступа во всемирную сеть.

Законопроект предусматривает внесение изменений и дополнений в Земельный кодекс Республики Казахстан и три закона.

Майра Араповна достаточно подробно остановилась на данном законе, тем не менее отмечу следующее.

Законодательно закреплены:

упрощенный порядок получения земельных участков под строительство антенно-мачтовых сооружений и опор для оборудования сотовой и спутниковой связи;

предоставление возможности строительства на землях сельскохозяйственного назначения, на землях населенных пунктов (без изменения целевого назначения земельного участка), что значительно сокращает сроки оформления документации;

разрешается строительство вдоль автомобильных дорог общего пользования при проведении ремонтных дорог и строительстве новых дорог.

Это положительно скажется на обеспеченности доступа к Интернету в сельских населенных пунктах и позволит уменьшить цифровой разрыв между городом и селом.

Уважаемые коллеги, замечаний и предложений по концепции законопроекта постоянные комитеты Сената не имеют.

С учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству, руководствуясь подпунктами 1) и 7) статьи 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан», вносит на рассмотрение заседания Сената и в соответствии с пунктом 58 Регламента Сената рекомендует одобрить в первом чтении данный законопроект. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Михаил Михайлович.

Заң жобасын талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендерде Интернеттің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Джаксыбеков Серік Рыскелдіұлына беріледі.

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының бүгінгі күн тәртібіне жоғарыда аталған заң жобасын екінші оқылымда қарауға енгізуді ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті депутаттар! Келесі мәселе ойын бизнесі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Рахметоллақызы Райымқұловаға беріледі.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылға арналған заң жобалау жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірледі.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының ойын бизнесі саласындағы қолданыстағы заңнамасының нормаларындағы олқылықтарды жою, ойын бизнесі туралы заңнаманың бұзылуын бақылау жүйесін қатаңдату мақсатында әзірленді. Сонымен қатар букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың қызметін реттеу мен бақылауды жетілдіруге, құмар ойындар мен бәс тігуге тартылатын тәуелді азаматтардың санын қысқартуға бағытталған.

Жоғарыда айтылғанға байланысты заң жобасының келесідей негізгі өзгерістері мен толықтыруларына тоқтауға рұқсат етіңіздер.

«Ойын бизнесі туралы» Заңда:

1) құмар ойындар мен бәс тігуге қатысудан өзін-өзі шектеу тетігімен, сот шешімімен туысқандары және отбасы мүшелері шектей алатын тетік енгізіледі;

2) уәкілетті мемлекеттік органдарды букмекерлік кеңселер мен ойыншылардың арасындағы ақша операциялары туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ бәс тігуге қатысудан шектеу тетігін іске асыру үшін ставкаларды есепке алу орталығын құру көзделеді;

3) оқиғаның нәтижесіндегі ашықтықты және ойыншылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында букмекерлік кеңселерге тек спорттық оқиғаларға ставкалар қабылдау міндетін белгілеу ұсынылады;

